

Ұтқыр байланыс кешендерін республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 қарашадағы N 1767 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес ішкі істер департаменттеріне арналған ұтқыр байланыс кешендері республикалық меншіктен тиісті облыстардың коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен және облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшада көрсетілген ұтқыр байланыс кешендерін қабылдап алу-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

5

қарашадағы

N 1767

қаулысына

қосымша

Коммуналдық меншікке берілетін ұтқыр байланыс кешендерінің тізбесі

Р/с	ҰБК-мен жабдықталған көлік құралының атауы	Шығарылған жылы	Көлік құралы шанағының (шассисінің) нөмірі	Көлік құралы қозғалтқышының нөмірі	Түсі	Теңгерімдік құны (теңге)	ҰБК теңгеріміне берілетін бөлімшенің атауы	Обл, қал атау
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Газель Газ 2705-242 автомобилі базасындағы	2008	27050080390633X9627050080614647	*42150080500265*	ақ	18 580 470	Ақмола облысының	Ақм обл

	ҰБК-нің жабдық жиынтығы						Ішкі істер департаменті	
2	Газель Газ 2705-242 автомобилі базасындағы ҰБК-нің жабдық жиынтығы	2008	27050080390290X9627050080614291	*421500* 80500641*	ак	18 580 470	Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті	Жам обл
3	Газель Газ 2705-242 автомобилі базасындағы ҰБК-нің жабдық жиынтығы	2008	27050080394667X9627050080619607	*421500* 80600416*	ак	18 580 470	Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Сол Қаз обл
4	Газель Газ 2705-242 автомобиль базасындағы ҰБК-нің жабдық жиынтығы	2008	27050080395601X9627050080619602	*421500* 80600486*	ак	18 580 470	Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Оңт Қаз обл

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:
ҰБК - ұтқыр байланыс кешені

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК